

**Кеңес төрағасы Б.Қ. Байбектің
Жалпы Жиналыста сөйлеген сөзі,
23 қыркүйек 2011 ж.**

Біз барлығымыз соңғы рет сәуірде кездестік және өзіміздің Қауымдастығымыз және еліміз үшін мерейтойлы жылға арналған өзекті жобаларымызды талқыладық. Бүгін біз өзіміздің жұмысымыздың аралық қорытындыларын шығара аламыз.

Жарты жыл ішінде біз 150 адамға көбейдік, бізге Астанадан, Алматыдан, ШҚО-дан, БҚО-дан балалар қосылды. Барлығы – Қауымдастықтың 450 мүшесі. Мүшелердің мұндай саны мүшелік жарналар енгізілгенге дейін, 2008 жылы болып еді. Біз үш жылда екі рет құрамымыздан қасақана жарна төлемейтіндерді – 180 адамды шығардық және бүгіндері біз мүшелерімізді қайтардық және сандық көрсеткішін 50 адамға (12%) арттырдық.

Рас, мүшелік жарна төлеу жағдайы, соншалықты бір жақсарып кете қойған жоқ. Қауымдастық мүшелерінің 12 % ғана ағымдағы жыл бойынша берешектері жоқ, төленгені барлығы 300 мың теңге, бұл біздің бюджетіміздің деңгейінің 1 %-нан кем. Қауымдастық алдындағы берешек үш жыл ішінде 1 млн. астам теңгені құрайды.

Біз сайтта Төлем шлюзін іске қостық және төлемді қолма-қол алуды тоқтаттық. Банктік картасының әрбір иесі 2 минут ішінде төлем жүргізе алады, ол үшін тек қана сайтта тіркелу қажет. Мульти-касса сіздердің төлем тарихыңызды сақтайды, сіздер өздеріңіз кез келген сәтте қалдықты көрулеріңізге және берешекке жол бермей төлем жасауларыңызға болады. Бүгінгі күнде барлығы 2 он-лайн төлемі жүргізілді және Қауымдастықтың 30 мүшесі тіркелді.

Ағымдағы жылғы 9 айда Қауымдастық және оның филиалдары барлығы 120-дан астам іс-шара өткізді, соның ішінде Астанада 60-тан астам іс-шара, Алматы қ. – 34, Өскеменде және облысында – 21; Оралда және облысында – 3, Көкшетау қ. – 2.

БАҚ-та Қауымдастықтың қызметі туралы 164-тен астам ақпараттық материал шықты, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңдегісінен 30%-ға артық, соның ішінде баспа басылымдарында 69 мақала шықты, ақпараттық агенттіктерінде – 50 жарияланым, электрондық БАҚ-та (ТВ, радио) – 45 шығулар, соның ішінде 6 ток-шоу. Олардың ішінде материалдардың 88%-ы оң реңкте, 7% - бейтарап, бір материал теріс болды. Мемлекеттік тілдегі материалдардың үлесі 40%-дан астам құрады.

Қауымдастықтың сайтында жаңалықтар бағанасының тұрақты жұмысы ретке келтірілген, 267 материал жарияланды, орташа есеппен бір аптада 7 меншікті бірегей жаңалық жарияланып отырды.

Қауымдастықтың сайтында 920 пайдаланушы тіркелген, орташа айлық ену – 6000 бірегей пайдаланушы, 30 мыңнан астам көрулер.

Қауымдастық туралы ақпараттық хабарлардың ең көп үлесін «Көліктер-2» жобасы берді - 45%, «Байқоңыр» қоғамдық сыйлығы - 25% және Қазақстанның Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Болашақ үшін» фильмі -12%.

11 маусымда Астанада оқу үздіктерінің, олимпиадалар жеңімпаздарының, балалар үйлері тәрбиеленушілерінің, сондай-ақ мәдениет пен интеллигенция өкілдерінің қатысуымен Президенттік қайырымдылық көрсетілімі болып өтті. 1 045 сеанстың қорытындылары бойынша жалпы жиналымы 15 253 977 теңгені құрады, дубляжға салынған ақшаны, мультфильм ақтады. Электрондық жеткізгіштерге арналған релиз ағымдағы жылғы 1 қарашаға жоспарланып отыр.

Қауымдастықтың басқа жобасы – Д. Төлеуханов жетекшілік жасайтын «Байқоңыр» сыйлығы Қазақстанның болашағы туралы 1000-нан астам әңгімені жинады, соның ішінде Москвадан, Қазаннан, Дубайдан.

Балалар үйлерінің 800 баласы, 200 ардагер және табысы жағынан аз қамтылған отбасыларының балалары үшін 10 қайырымдылық іс-шарасы өткізілді. Екі балалар үйіне спутниктік теледидар орнатылды, Алматыда балалар үйіне автомобиль берілді.

Сарапшылар тобының жұмысы қалыпқа келтірілген. Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі тобы Астана қ. «Ашық ой» пікірталастық клубтарының 8 кездесуін және Алматы қ. «Сөйле» клубының 15 кездесуін өткізді, 8 дөңгелек үстелге қатысты.

600-ден астам адамның қатысуымен ІТ-мамандарының 13 кездесуі болып өтті, жастардың кәсіпкерлік белсенділігін арттыру жөніндегі топ – 4 рет кездесті, медицина мәселелері жөніндегі топ – 1 рет.

Мемлекеттік тілді дамытуға қосқан үлесі үшін «Болашақ» қауымдастығына «Қазақстан жастарының Конгресі» ЗТБ «Бірлігіміз жарасқан!» медалін тапсырды.

Қазір Қауымдастықтың жаңалықтарын орыс тіліндегісіне қапрағанда қазақ тілінде 10 есе артық көреді. Мысалы, кәсіпкерлік топ туралы қазақ тіліндегі аңдатпаны 13 мың адам қараған, орысша – 100 мың, жалпы жиналыс туралы аңдатпаны орыс тілінде бір мың адам көрсе, қазақ тілінде - 3,5 мың.

Бұл жұмысты Аспан Дастан, Дәуіржан Ауғамбай және Аян Әлжанов жүргізеді.

Болашақтықтарды біріктіру жөніндегі іс-шаралар белсенді жүргізілді, Алматыда 60-тан астам кездесу өткізілді, Астанада – 5. Бұл жұмысты Ерік Рахымов жүргізеді.

Бос орындардың таратылуы бойынша 20-дан кем адам жұмысқа орналастырылды – бұл мәлімделген түйіндемелердің 4%, тек әрбір бесінші әңгімелесу ғана жұмысқа орналастырумен аяқталды.

Жұмысқа қабылдаудан бас тартудың негізгі себептері, сауалнама деректері бойынша үміткердің олардың талаптарына сәйкес келмеуі болып табылады – 59% және респонденттердің 26%-ы үміткерлердің өздерінің жоғары талаптарын атап көрсетеді. Бұл ретте жұмыс берушілердің басым көпшілігі қабылданған қызметкерлердің жұмыс сапасына қанағаттанатындықтарын (88,8%) білдірді.

Күзде «Болашақ – жастар үшін» өңірлік семинарлары жоспарланған, олардың шеңберінде өңірлердің стратегиялық дамуын зерттеу форсайты өткізілетін болады.

Желтоқсанда Астанада футурологтардың және жазушы-қиялшылдардың Халықаралық Конгресі өтеді, кітап шығаруға дайындалып жатыр, қазірдің өзінде альманах шығарылды, «Мумий Троль» тобының концерті болады.

Тәуелсіздік күнінің қарсаңында «Болашақ үшін» көркем фильмінің тұсаукесері өткізіледі.

11 желтоқсанда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуымен үздіктер мен "Болашақ" стипендиаттарының Форумы өтеді.